



**Жолдасова Ұ.М.**

**МАҒЖАН  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН-  
ДАҒЫ РОМАНТИКАЛЫҚ  
СИМВОЛИЗМ**

*В статье рассматриваются способы  
проявления романтического символизма  
в творчестве М.Жумабаева*

*This article deals with the romantic  
symbols used in M.Zhumabayev's work*

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары - «майдан, ойран, жорық дәуірі» (Мағжан) болатын. Қазақ халқының болашағының жарқындығы ұлт әдебиетінің тағдырымен тікелей байланысты болды. Саяси төңкеріс ұлттық дәстүр, сана, руханият мәселелеріне қатысты да жаңа идеялар ұсынды. Әдебиет үшін тосыннан таңылған тың ұстанымдар қазақ әдебиеті майданында пікірлер тартысын туғызды. Ж.Аймауытов секілді зиялылар жаңа заманға аяқ басқан қазақ жазушысына ой тастап, пікір туғызу мақсатында «қазақ әдебиеті көтерілуге жағдай бар ма? қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде? қазақ әдебиеті қайткенде өркендейді?» [1.203] деген сұрауларды талқыға салды. Баспасөз бетінде алуан сипаттағы, түрлі бағыттағы мақалалар жарық көріп жатты. Жаңа заман ұсынып отырған тапшыл идеяға сүйенген сыңаржақ пікірлер де, сынның объективті болуы жайында, ақын-жазушының ұстанған бағыты емес, оның шығармашылығындағы көркемдікті тексеру басты ұстанымға айналуы тиіс деген таза эстетикалық мақсатты көздеген пікірлер де болды.

Қазақ әдебиетіндегі мазмұндық тереңдік, пішіндік тұрғыдағы ізденістердің жаңа сатысына баланған Мағжан шығармашылығы жаңа дәуірдің (романтизм, символизм, романтикалық символизм) жол бастаушысы ретінде қазақ әдебиетінің дәстүрмен байланысқан жаңа көркемдік ізденістерінің мол арнасына жол ашты. Мағжан шығармашылығы - қазақ әдебиетінің кең тынысты, рухани терең, ақындық қуаттан бастау алатын табиғатының астар мен ишараға құрылған асыл сөзінің қазынасы. Ақын шығармашылығы - әдебиеттің болашақ мүмкіндіктерінің шексіздігіне дәлел болған құбылыс, сыңаржақ мақалаға да, әділ сынға да объекті болды. Мағжан поэзиясы жайындағы мақалаларда ақын лирикасының ерекшелігі ғана емес, әдебиеттің болашақтағы бет-бағдары жайлы мәселе де еріксіз бой көтеретін. Оның өзіндік әдеби-тарихи негізі болатын.



Ақын - заманының ұлы. Заманның бағыты әдебиетке әсер етпей тұрмайтыны белгілі. Жаңа қоғамдық жүйе тудырған мәдени-рухани, ұлттық құндылықтар жолындағы тартыстар әдебиет майданындағы суреткерлердің жаңа көркемдік ізденістеріне жол ашты. Жаңа идея, тың ой, тосын образдар әлемі дүниеге келе бастады. Жиырма-сыншы жылдар әдеби процесін жіті бақылап отырған жазушы Ж.Аймауытов «Көркем әдебиет туралы» мақаласында: «...Әр заманда бір үстем пікір (идея), үстем ұран шығады. Әрине, оны ешкім ойлап шығармайды. Тұрмыс туғызады»[1.249] деп, тұрмыстың әдебиеттегі бет-бағдарға ықпалын айта келіп, қазақ әдебиетінің қазір күйректік (сентиментализм), сарындамалық (романтизм) дәуірінде болуға тиіс екендігін, ендеше санашылдықтан (идеализм) да құтыла алмайтындығын айтады. Әлемдік әдебиеттану ғылымының негізгі нысандарының бірі болып қала беретін көркем ағым-бағыттар мәселесі ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін де өзектілігінен айырылмақ емес. Аталған мәселе ауқымынан қоғамдық жағдай, оның әдебиетке әсері, көркемдік ізденіс, әдеби байланыс, ағым-бағыттардың ұлттық әдебиеттегі көрініс ерекшелігі секілді маңызды проблемалар бой көтереді де, аталған ізденістер арқылы ақын, оның заманы, көркем әлем, әдеби процесс тәрізді күрделі әдеби құбылыстарға баға беруге мүмкіндік туады.

«Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде» деген заман тудырған табиғи сұрақ аясындағы пікірлердің дені бір арнаға келіп түйісетін. Жоғарыда келтірген Ж.Аймауытов мақаласынан сәл бұрын жазылған М.Әуезовтің қазіргі әдебиеттің бет-бағдары жайында ой қозғаған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласының орны ерекше. М.Әуезов 1922 жылы әдебиеттің өткені мен бүгінгі арасындағы байланысты назарда ұстау қажеттігін ескерте отырып, қазақ әдебиетінде жанаша жаңғырып бой көрсете бастаған романтизм бағыты жайында пікір айтады. «...Ескі әдебиеттің түрлерін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну – біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде, жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын һәм келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақиқатқа жақын сөйлеуі де мүмкін... Сондықтан мен бұл мақаланы қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі деп атасам да, бүгінгі сынға салу үшін ескілікті айтпау, әдебиеттің басын айтпау, бізге атадан қалған дәулетті айтпау лайықсыз болғандықтан туып отыр» [2.260] деп ой түйеді. Мақаланың маңыздылығы әдеби процесте көрініс бере бастаған жаңалықтардың ескі әдебиетте де көркем үлгісі болғандығына назар аудартуында.

М.Әуезов 20-шы жылдардағы әдебиеттің даму сипатын саралай келіп, жаңа дәуір ұсынған бағытты «сыршылдық дәуір» деп атайды. «Сыршылдық» - романтизм бағытының негізгі көркем шарттарының бірі. М.Әуезовтің аталған терминді тосыннан таңып отырмағаны белгілі. «Әдебиет тарихы» еңбегінде жазушы қайғы-мұңнан туған шер өлеңдерді, қыз ұзату салтынан туған және дін ұғымынан туған өлеңдерді «сыршылдық салт өлеңдері» деп атайды. Адам табиғатының, жан сырының айырықша жағдайларда ғана ашылатындығын сезген жазушы қазақ әдебиетіндегі жаңа бағытқа «сыршылдық» ұғымын да кездейсоқ беріп отырған жоқ. Ол романтизм (сыршылдық) бағытының эстетикалық табиғатына қатысты ойын былайша тұжырымдайды: «...Жаңа басталып келе жатқан әдебиет дәуірінің бұл сияқты жұрнақтарында, көбінесе құлаққа ілінетін күй – сезім күйі. Бұлардың ішінде тіршіліктің суреті, әңгімесі аз болса да, ішкі өмірдің сыры көп, адамды өз ішіне үнілтетін мұң мен шердің сарыны бар...» [2.233]. Ғалым сондай-ақ, «ескі әдебиеттен қалған көп сарын, кең ауданның бәрі де жазба әдебиетке келіп, тарылып, азайып отырғанын» ескертіп, жазба әдебиеттің бір беткейліктен арылуын қалайды. Ғалым пікірінен ұлттық әдебиетте көркемдік ізденіс ауқымының мүмкіндігінше кең болғанын қалаған пейілін байқаймыз. М.Әуезов пікірін таратып айтар болсақ, 20-шы жылдары қазақ әдебиетінде бағыт ретінде қалыптасқан романтизмнің үстемдікке ие бола бастағаны белгілі еді. Осы тұста аталмыш бағыттың әлем әдебиетінде қалыптасқан көркем заңдылықтарының қазақ әдебиетінде



де көрініс бергенін айтып қана қоймай, ұлт әдебиетінен сусындаған ақын шығармашылығындағы романтизмнің көркем жаңалық-тарына да назар аударған жөн секілді.

Ұлт романтизмінің (қазақ романтизмі) табиғаты, оның ерекшелігі жайындағы зерттеудің зәрулігі жайында мәселе көтерген белгілі ғалым Т.Кәкішев «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар» атты мақаласында аталған проблеманы зерттеудің жаңа жолын ұсынады. «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуында бадырайып көрінген, әлі күнге дейін тамсандырып келе жатқан көркемдік амал – романтикалық суреттеу тәсілі... «Қазақ романтизмі» деген атаудан үрікпей, оның ерекшелігін ашып, өзіміздің ұлттық таным-біліктің өресін көрсетуге тиіспіз... Ал адамзаттың көркемдік танымына тән өмірді сатиралық және символикалық арнада суреттеу тәсілдері де қазаққа еш уақытта жат болған емес. Бұл тәсілдер, әсіресе, XX ғасырда күшейе түскенін білеміз» [3.279] дей келіп, қазақ әдебиетіне келген жаңалықтың бәрі орыс, не батыс әдебиетімен байланыстан туған деген пікірге қарсы, оның қазақ әдебиетінде ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибесі бар екендігін және оны тарата, бұтарлай зерттеу қажеттігін ескертеді.

Біз де зерттеуіміздің нысаны болып отырған Мағжан шығармашылығына осы қырдан барлау жасауды жөн көрдік. Романтизм – көркем жүйе. Мағжан романтизмі – қазақ романтизмінің синтезі. Символизм – романтикалық дүниетанымнан бастау алатын көркем-эстетикалық категория. Ғалым Л.Мұсалының символды (бернені) «біздің жан тіршілігімізге бойлап кеткен жанды берне ретінде маңызды» деген пікірін қолдай отырып, Мағжан шығармашылығындағы романтизм мен символизмнің ұлттық поэтикалық негізі мен әлемдік әдебиеттегі жалпы заңдылықтарды ескере отырып зерделемекпіз.

Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» (1927 ж) мақаласы ұлы ақын шығармашылығындағы көркемдік арналарды теориялық тұрғыдан негіздеген тұжырымдарымен құнды. Біздің ойымызша, ол мақаладағы қысқа да, тұжырып айтқан түйіндерде Мағжан шығармашылығын танытатын негізгі көздер дәл көрсетілген. Оның «Мағжан романтизмге салынып, көшпелі дәуірдің рухын айнаға түсіріп отыр деуге болады» [1.157] деген пікірінде ақын романтизмінің табиғатын танудың негізі жатыр деп ойлаймыз. Әдебиеттегі романтизмнің қайнары – қазақ халқының көшпелі өмір салтында. Табиғат аясында ғұмыр кешкен халықтың көркем мұрасында асқақ рух та, жан жүйені қозғар сыршылдық та, болашаққа жетелеген арман да болатын. Осы тұрғыдан келгенде Ж.Аймауытов пікірінің астарынан Мағжан романтизмінде қазақ ұлтының рухы бар деген пікірін ұғынамыз. Мағжан романтизмінде қазақ ұлтының өткенінен бастау алған болашағы, еркіндігі, жан сыры бар.

Жалпы әдебиеттану ғылымындағы, оның ішінде ұлттық әдебиеттануда да романтизм теориясы жайындағы зерттеулердің аясы кеңімесе, тарылмасы анық. Арнайы зерттеу еңбектерді, ондағы проблемаларды барлай, зерттей қарағанда байқалған анық жайт – XX ғасыр басында қазақ әдебиетінде романтизм бағытының жетекші рөлге ие болуының заңды құбылыс екендігі. М.Жұмабаевтың қазақ әдебиетіне, оның бүгінгі халі мен болашақ бет-бағдарына қатысты жазылған «Алқа» теориялық бағдарламасының ақын дәуірін, сондай-ақ ақынның әдеби-эстетикалық ұстанымын тануға тигізер пайдасы орасан. «Алқа» бағдарламасында берілген нақты тұжырымдар Мағжан поэзиясы мен прозасын талдап, таразылауға, кейбір жайларға жаңаша қарауға мүмкіндік бермек. Бағдарламаның әдебиетке және оның жалпы заңына тоқталған бөлімінде ақын: «... Ескүстба (искусство) адамзаттың сұлулық сезімінен, сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылуынан туған... Қысқасы, ескүстбаның негізі – сезім, құралы – сезімнен туған сурет, мақсұты – білім беру емес, сезім ояту... сұлу, терең суреттер арқылы, қандай болса ондай болсын, әйтеуір терең сезім оята алса, ол – ақын. Оята алмаса – ақын емес» [3.38] десе, екінші бір тұста әдебиетте ұлттық ерекшеліктің, «қазақ иісінің» шықпауы мүмкін еместігін қадап айтады. Мағжан пікірі ақынның романтикалық болмысынан туындайтын шығармашылық ұстанымына



дәлел. Мағжан қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге жетелейтін талаптар қоя отырып, жаңа заман ұсынып отырған тапшыл идеяға қатысты көзқарасын нақты да, анық айтады. «Ойымызда, қиялымызда, әдебиетімізде Азия иісі аңқымауы мүмкін емес... Осы жолда қазақ ақыны кейде қазақтың күңгірт тұрмысын, пролетариатпен ортақ мақсұтын жырлаумен бірге кедей қазақтың өзінің ойын, өзінің сезімін, өзінің қиялын, өзінің ұғымын жырлауға ұмтылуға міндетті. Болмаса, қазақ әдебиеті деген әдебиеті тұмақ емес» [3.36] деп әдебиеттегі ұлттық негіздің бұлжымайтын тірек екендігін шегелейді. Мағжан қадап айтып отырған өнердің сезімге әсер етуі мен онда ұлттық рухтың көрініс беруі, әдебиеттегі ұлттық мүдде – романтикалық эстетиканың негізі.

Өткенге жиі оралу арқылы болашаққа барлау жасау, екі дүние күресі (материалистік және идеалистік), сезімдер тартысы, ұлттық құндылық, субъективизм арқылы лиризмнің күшеюі, романтикалық символика, дара жағдай және ерекше кейіпкер - романтикалық эстетика категориясының құрамдас бөліктері. Тарихтан көріп отырғанымыздай, заман алмағайып болып, қоғам мың сан жолдың торабында тұрғанда әдебиетке келген талантты ақын өз шығармашылығымен халықтың рухын көтеріп, алға жетелемек. Ж.Аймауытов Мағжан поэзиясы пессимизмге, торығушылыққа бейім деп жан-жақтан шабуыл жасалғанда ақын дүниетанымымен байланысты романтизм табиғатын қырағы сыншының көзімен дәл анықтайды да, ақын поэзиясындағы көпке түсініксіз даралықтың себебін былай түсіндіреді: «Мағжан-идеалист. Дүниені рух, пікір билейді, тұрмысты сана билейді, тарихта әлеумет маңызды емес, жеке адам маңызды дейді. Сондықтан ол батырларды, хандарды мадақтайды» [1.168]. Кеңес үкіметі тұлғалық даралықты мансұқтап, жалпылық, ортақтық сипатқа ойысуды талап етіп жатқан шақта М.Жұмабаев елдің өткен күнінің рухани тірегі болған тұлғаларды, солар кешкен ертегідей өткенді жырлайды. Мұның табиғи, тарихи себебі болатын. Мағжанның тұлғалық болмысынан, дәстүрден нәр алған ақындық даралығынан туған рухани еркіндік табиғи жолмен оны ескі күнге жетелейтін. Осылайша, қоғам ұсынған жаңа мен Мағжан қасиет тұтқан «ертегідей ескінің» күресі ақын романтизмнің философиялық негізін құрады. Мағжан романтизмі жаңа дәуірдегі қазақтың мұны мен шерін, арманын, көңілінің аңсарын дәл көрсетті. Алайда, жаңа заман адам жанына үңілуді мақсат тұтпады. Қоғамның жаңа құндылықтары талабымен бағалар болсақ, Мағжан поэзиясы күйреуік, жылауық поэзия болып шыға келді. Ж.Аймауытовтың «...оның сезімді жүрегі, ұшқыр қиялы «ұжмақ» сынды сәулетті, идеальный өмірді көксейді, бүгінгі жабайы тұрмысқа, сүр өмірге қанағат етпейді. Сондықтан ол торыққан ақын болып шығып отыр... Міне, осындай көшпелі дәуір басталарда адам ескіге көзін сүзіп, жабыққан заманда, әдебиет бағыты романтизмге айналатын. Біздің Мағжан да романтизмге беріліп отыр. Ол жалғыз ақынның сезімі емес, елдің де арманы, көңілі...» [1.157] деген пікірінен «көшпелі дәуірдің» әдебиетке әсерін, оның көрінісін дәл бағалаған әділ сыншылығын байқаймыз.

Мағжан поэзиясы мен прозасын, аудармалары мен мақалаларын тұтас зерттей қарағанда олардың арасындағы нәзік байланысты, реалды өмірдің астарлы мәнін негіз еткен тұтас идеяның, ақын дүниетанымына байлаулы көркем жүйенің ерекшелігін аңғарамыз. Ақын лирикасы дәстүрлі талдауға, дайын қалыпқа салып бағалауға мүмкіндік бермейді. Біздің мақсатымыз – жүйелі талдау арқылы ақын шығармашылығындағы әдіс пен амал-тәсілдерді ескере отырып, көркем жүйедегі тұтастықты айқындау. В.Г.Белинский «Александр Пушкиннің шығармалары» мақаласында ақын шығармашылығын зерттеуге қатысты бірнеше мәселе көтереді. Сыншы ақын шығармаларының мазмұн мен түр жағынан алуан болғанымен, бәріне ортақ жалпы пішіннің болатындығын айта келіп «...олардың бәрі де бір кісінің басынан, екіге жарылмайтын меннен шыққан нәрселер» [3.73] дейді де, ойын «...бүкіл ақын творчествосының да, оның бүкіл ақындық еңбегінің де өзіне тән бірыңғай пафосы болмақ, мұның қасында әрбір шығарманың пафосы бүтін бір нәрсенің бөлшегі, негізгі идеяның сәулесі, құбылысы,





сол идеяның сансыз көріністерінің бірі сияқты болып тұрады» деп түйіндейді. Қорытып айтсақ, ақын шығармаларындағы тұтастық пен пафосты айқындау ақын рухымен сабақтастырыла зерттегенде мейлінше айқындала түспек.

Мағжан поэзиясындағы романтизм мен символизм – бүтіннің екі бөлшегі. Екі стихия ақын шығарашылығының өн бойында ажырамас табиғи бірлікте. Бірін-бірі толықтырады. Мағжан романтизмінің сыры символизммен біріктіре зерттегенде ғана ашылады деп ойлаймыз. Мағжан поэзиясындағы романтизм, символизм, лиризм оның прозасы мен аудармаларынан, тіпті мақалаларынан да анық байқалады. Мағжан – қазақ әдебиетінде романтикалық символизмді негіздеген тұлға. Романтизмнің табиғаты сыршылдықта болса, Мағжан сол сырды тікелей емес, астарлап, жұмбақтап жеткізеді. Ж.Аймауытов Мағжанның сыршылдығын айта келіп, «Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді» дейді [1.168]. Жүректің сөзі – ақынның жан сыры. Романтиктер үшін жан (рух) – маңызды. Күнделікті тіршілік, үйреншікті күйбең адамның сырын аша алмайды. Адамның жан сыры табиғат пен өнерге қатынаста, шабыт пен ерекше жан серпілісін туғызатын махаббатты бастан кешіргенде ашылмақ. Яғни, адамның шын болмысы қоғам ұсынып отырған белгілі, қалыпты жағдайларда емес, рухани қажеттіліктер мен жан сырының қалауымен жүрген кезде ғана танылмақ.

Мағжан Жұмабаев кеңестік қоғам идеологиясын мойындамай, нағыз романтик ретінде жаңаның негізі өткенде екендігін дәлелдеп өткен ақын. Мағжанның өмір мен өлім, жан мен тән, өнер мен табиғат жайындағы пікірі ерекше. Аталған категориялар арқылы ақын өмір сырын танытады. Мағжан поэзиясында Тәңірінің жиі ауызға алынуы, тәни өлімнің құдіретті өнермен байланысқан тұста мәңгілік өмірге ұласатыны, табиғаттағы үйлесімнің қоғамдағы қайшылықтарға қарсы әдейі жырлануы тегін емес. Ақын жаны – оның лирикасында. Жанымен арпалыса жүріп, өмірдің мәнін іздейді. Ақын жалғыздықты жырлайды. Кейіпкерлері де көпшілікке ұқсамайтын дара. Батыр Баянның басындағы трагедиялық хал (сезім сергелденіне түскен батыр), мәңгілік өмір іздеп, оны өнерден тапқан Қорқыт, «өлеңінен өмірі сұлу Ақан» трагедиясы («Ақан сері» мақаласы), ішкі сырымен арпалысқан Шолпанның қайғылы халі («Шолпанның күнәсі» әңгімесі) – ақын тұлғасынан тарайтын даралықтар. Даралық – трагедияның басы. Жалғыздық сарыны – Мағжан романтизмі мен символизмінің қайнары

Мағжан шығармашылығы – қазақ әдебиеті тарихындағы ең күрделі шығармашылықтың бірі. Оның себебі ақын жанының күрделілігінде. Жан сырынан өмір сырын тарқатқан, өмір философиясын романтизм арқылы мәңгілік тақырыпқа айналдырған ақынның адам өмірі жайындағы түйіндері – оның өлеңінде. Өмір – ақын ізденісінің қайнары. «Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған; Жан сусынын көз жасымен қандырған. Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсымды; Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған» деген жыр жолдарында символға салынған тұжырым бар.

Мағжанның Ташкент қаласындағы жылдары (1922-1923) ақын шығармашылығының жаңа сапаға көтерілген кезеңі екендігі даусыз. Осы жылдары Мағжанның «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян» поэмалары, «Шолпанның күнәсі» әңгімесі, Ақан сері жайындағы мақаласы және Горькийден аудармалары жарық көрді. Аталған шығармаларды ортақтастыратын, бір арнаға тоқай-ластыратын көркемдік тұтастық бар. Ол – романтикалық символизм.

Мағжанның «Қорқыт» поэмасы жаңа дәуірдегі қазақ романтизмінің ұлттық дүниетаныммен байланысының дәлелі. «Қорқыт» поэмасы - романтикалық-символикалық поэма. Қорқыт аңыздық, өнерпаз тұлға ретінде Мағжанның романтикалық философиясының тірегіне айналды. Көне заманның аңызға айналдырып, өнерін өмірдің мәңгілігіне балаған аңызда өмірдің «қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген ащы



шындығы бар. Аңыздағы ақиқат ақын заманының шындығына дөп келгенде оның ақын жүрегінен толғау болып төгілмеуі мүмкін емес еді. Сондықтан Мағжан Қорқыттың зарын қоғам салған өз жанындағы мұңмен астастырып берді. Жан жұмбағын шешуді мақсат еткен Қорқыт «өмір не?» деп аласұрады. Ол сұрақтың жауабын Мағжан да іздейді. Қорқыттың жанын мұңға салған сұрақтың жауабы – Мағжан шығармашылығында. Өмірдің мәңгілігі – қарағайдан кесіп алған қылды қобызда немесе өнерін өміріне жалау еткен ақын өлеңінде. Қорқыттың алдынан шығатын көр – заманның шындығы, болашақтың күйі. Оны «Қорқыттан бата алған» ақын ғана сезе алмақ.

Жай адам қияға ондай қол сермей ме?!

Ақынға аз нәрсе ауыр ой бермей ме?!

Қиялмен арманға ұшқан, сағым құшқан

Жүйрік жан алдында ылғи көр көрмей ме?!

Романтикалық табиғатқа сай болашақты бүгіннен емес, өткен күннің ерлерінің өмірінен өрбітуді қалаған Мағжан ақынға тән түйсікпен Қорқыт аңызын арқау ете отырып, бүгіннің трагедиясын тап басады.

Мағжан – жан жұмбағын шешуге ұмтылған ақын. Қорқыттың «алашпен қаны бір де, жаны – бөлек». Поэмадан Қорқыт философиясы мен автор позициясының тұтасып кеткендігін байқау қиын емес. Мағжан шығарманың соңына қарай заман халінен туған өз шерін толғап кетеді. Қорқыт зары ақын толғанысымен табиғи жымдасып барып аяқталады. Кейіпкер мен ақын образы параллель емес, бір ағыспен толқи келіп, тұтасып кетеді. Бұл ерекшелік ақынның өзге шығармаларынан да байқалады.

«Қойлыбайдың қобызындағы» қобыздың бәйгеден озып келуі Қорқыт поэмасындағы символ-ойдың жалғасы деп ойлаймыз. Романтизм мұрат тұтқан өнердің құдіретін Мағжан өз поэмаларында ұлттық дәстүрмен байланыстырып, өзіндік тұжырым жасайды.

Мағжан шығармашылығында нәзік жіптей созылып жатқан сарын – жалғыздық. Ақын поэзиясындағы «Ақында адамзаттан дос болмайды; Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына» деген астарға толы жолдар ақын болмысының тереңдігі мен құпиясын, дүниетаным даралығын тануға, кейіпкерімен тұтасып кеткен ақын тұлғасының табиғатын талдауға жол ашады. «Қорқыт» поэмасында кездесетін «Ежелден белгілі ғой көптің сыры, Боласың, көптей болсаң, көптің ері; Көпке егер ісің, ойың үйлеспесе, Күмән жоқ, кім болсаң да соғар «пері» деген жолдарда көптен өзгеліктен туған «жалғыздық» сезімінің жауабы бар. «Батыр Баян» поэмасында ел қолдаған, ханы арқа сүйеген Баян батыр да жалғыздық сырын шертеді. Баянның басына түскен хал бөлек, сондықтан оның «іші жалын, жаны жара». «Талқыға жан жарасын сала алмаған» Баян трагедиясы- сезім мен ақылдың, ғашықтық пен намыстың арпалысынан туған жан азабы. Мағжан мұнда да Баянның шерін өз жанынан тарқатып, «Айрылып от екпінді ерлерінен, Алаштың жанында ауыр дерт еді ғой; Сонау дерт түгелімен ауып маған, Дарига жүрегімді өртеді ғой» деп авторлық толғауға салып кетеді. Осы тұста Мағжанның лирикасынан бастау алатын кейіпкер мен авторлық «меннің» тұтасып, бүкіл шығармашылыққа терең лиризм дарытатын ақындық тәсілін бірден-бір ерекшелік ретінде айта кеткеніміз жөн.

Мағжан шығармашылығындағы «жалғыздық» оның классикалық әңгімесінде де негізгі желіге айналады. «Шолпанның күнәсіндегі» Шолпанның сырын шертер жан таппай қиналғаннан туған жалғыздықтың сыры – тағы да сол өзгелерден бөлек ой мен әрекеттегі тосындықта. Олай болса, Шолпан – символға құрылған романтикалық кейіпкер.

«Батыр Баян» - романтикалық поэма. Поэмада ақынның заманына толғауы, батыр басындағы трагедиялық халді заман шындығымен және адам тағдырымен астастырған позициясы байқалады. Мұнда да «Қорқыт» поэмасындағы негізгі ой өз желісін табады да, ақын өткен күнде «түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар» деп жүрек шерін



таркатады. Ақынның өзі емес, жүрегі сөйлейді. Романтизмнің түп бастауы - автордың жүрек сөзін сөйлеуінде. Поэманың алғашқы және соңғы бөлімдерінде Мағжанның толғанысы бар. Ақын толғанысы поэманың лирикалық қуатын күшейтіп тұр. «Меннен» бастау алған терең лиризм Баянның оқиғасына әдемі үйлесіммен ауысады. Толғау А.Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда «...іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі» [4.407]. Толғауда ақынның жаңа заманға қатысты көзқарасы анық көрінеді.

Мағжанның бүгінгі мен болашаққа өткен күннің үлгісімен баға беруітабиғи құбылыс. Романтизм теориясының білгірі Н.Я.Берковскийдің «...Романтиктер үшін мүмкіндік барлық уақытта да өмірдегіден алда жүрді. Олар бүгінгі өмір шындығын ескере бермей, әрбір құбылыс туралы оның қазіргі қалпымен санаспай, оның алдағы уақыттарда қалай болуға мүмкіндігі бар, оны қалай қайта құруға болады деп сұрайтын... Әдеттен тыс, өзгеше, беймәлім - романтикалық поэзияның қайнар көздері» [3. 251] деген пікірінде романтизм әдісіне тән, қалыптасқан жалпы заңдылық бар

Мағжан шығармашылығынан байқалатын бір ерекшелік-ақынның адам жанын бір мезгілде бірнеше күйге салып, бүкіл болмысын түбірімен аршып көрсететін мүлдем тосын сәттерді таңдауында. Дара жағдай, тосын әрекет, өзгеше мінез романтикалық әдіс талаптары екендігі анық. Екіұдай халде қалып, жан азабына түскен кейіпкердің психологиялық, драмалық күйін суреттеуде де, көркем шешімде де ақын шығармашылығында ортақ сипаттар байқалады. «Дариға, жазамнан да күнәм басым», «Тәңіріден кешірім болмас, дегенмен алты алаш кешер» деп аласұрған Батыр Баяндағы жан арпалыс «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпанның жан азабынан өзінің көркем жалғасын табады. «Батыр Баяндағы» жүрек шері, сезім «толғауы» «Шолпанның күнәсінде» тағы бір қырынан ашылады.

#### Әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Ғылым, 1999
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991
3. Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. – Астана: Фолиант, 2003
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991